**«Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысының хаттамасы №1**

02.09.2024ж

**Өткізілген орны:** Мектеп директорының кабинеті

**Қатысқандар:**

Мектеп директоры: Кулунтаев А.К.

ППҚҚ-нің төрайымы: Нуралина С.А.

Бастауыш буын ОДЖО: Айткулова Г.Б.

Арнайы педагог: Сартаева Д.С.

Педагог-психолог: Сактаганова К.Д., Утебаева С.Х

Әлеуметтік педагог: Мустафина А.Е.

Класс жетекшілері, пән мұғалімдері

**Күн тәртібінде:**

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ жұмысының жоспары);
2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындыларымен танысу және ПМПК қорытындысына сәйкес оқу жоспарларын бекіту;
3. Бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру алгоритмі;
4. ЕББҚ ететін оқушыларға толтырылатын құжаттардың үлгілері;

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінде қарастырылған бірінші мәселе бойынша мектеп директоры К.А. Кулунтаев сөз алды. 2024-2025 оқу жылындағы мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамын таныстырып, ППҚҚ жылдық жұмыс жоспарын бекітті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы А.С.Нуралина ақпарат берді. Мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындылары мен ұсыныстарымен таныстырды. 2024-2025 оқу жылында мектебімізде 10 оқушы бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқытылады.

**Оқу бағдарламасын бейімдеуді қажет ететін оқушылар:**

8 «ә» сынып оқушысы – Құрманбаев Нұраман . ПМПК №24420 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

4 «ә» сынып оқушысы – Төлеген Нұрмұхаммед. ПМПК №529 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

4 «а» сынып оқушысы – Карагулов Айсултан. ПМПК №532 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

3 «а» сынып оқушысы – Михас Амира. ПМПК №520 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

3 «а» сынып оқушысы – Медетұлы Мұхаммед. ПМПК №530 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

2 «б» сынып оқушысы – Туманчаева Каусар . ПМПК №528 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

2 «б» сынып оқушысы – Әмірбай Жұлдызай. ПМПК №495 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

1 «ә» сынып оқушысы – Жумабаев Мухаммедали . ПМПК №698 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

1 «а» сынып оқушысы – Рахым Саида. ПМПК №477 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

1 «а» сынып оқушысы – Амангелді Зейнұр. ПМПК №526 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша арнайы педагог С. Д. Саматқызы толық ақпарат берд Жоғарыда аталған оқушыларға бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрасты алгоритміне тоқталды. Дене шынықтыру, көркем еңбек, бейнелеу, АКТ пәндері жалпы білім бер бағдарламаларымен оқытылады.

Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқитын оқушыларға 1-ші тоқсанға негіз пәндер бойынша (Математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, ағылшын, орыс тілі) оқу бағдарламалар бейімделеді. Бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары әр тоқсан сайын оқушылардь жетістіктер картасын толтыру арқылы жасалатындығы айтылып, көрсетілді (үлгілері берілді).

Күн тәртібіндегі 4-ші мәселе бойынша мектептің арнайы педагогы С. Д. Саматқызы сөз алд Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға толтырылатын құжаттардың үлгілеріне тоқталд «Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиял педагогикалық қолдау көрсету: әдістемелік нұсқаулық/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ҰҒПО, 2019. – 92 б.» әдістемелік нұсқаулығында берілген формалар көрсетіліп, толтыру жолда ұсынылды.

**Ұсыныс:**

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту;
2. ПМПК қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын құрастыру жә жүзеге асыру;
3. ЕББҚ бар оқушылардың құжаттары үлгілерге сәйкес рәсімдеу (1, 1а, 2а, 2б, 3, 4, 5, 6 формала

**Шешім:**

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттары бекітілсін;
2. ПМПК қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары құрастырыл жүзеге асырылсын;
3. ЕББҚ бар оқушылардың құжаттары үлгілерге сәйкес рәсімделсін.

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектеп директоры: К.А.Кулунтаев

Хатшы: С.Д.Сартаева

**«Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің**
**отырысының хаттамасы №2**

17.09.2024ж

**Өткізілген орны:** Мектеп директорының кабинеті
**Қатысқандар:**
Мектеп директоры: Кулунтаев А.К.
ППКҚ-нің төрайымы: Нуралина С.А.
Бастауыш буын ОІЖО: Айткулова Г.Б.
Арнайы педагог: Сартаева Д.С.
Педагог-психолог: Сактаганова К.Д., Утебаева С.Х
Әлеуметтік педагог: Мустафина А.Е.
Класс жетекшісі

**Күн тәртібінде:**

1. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыны үйден оқытуға ауыстыру;
2. Үйден оқытуды ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттарды жинақтау;

Күн тәртібінде қарастырылған бірінші мәселе бойынша мектеп директоры К.А. Кулунтаев сөз алды. 2024 -2025 оқу жылының 17 қыркүйегінен бастап ҚР-ның «Білім туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес «денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емі және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда тегін жеке оқыту ұйымдастыру сондай ақ ҚР-ның «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңының 11-бабында «Көрсетілімдері болған жағдайда мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды үйде жүзеге асыру бойынша 1«ә» сынып оқушысы Жумабаев Мухаммедали үйден оқытылады. Психологиялық медициналық педагогикалық консультациясының №698 қорытындысына сәйкес оқушы бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін оқу жоспары негізінде 12 сағат апталық жүктемемен оқыту ұйымдастырылады. Әліппе-3 сағат, математика-4 сағат, дүниетану-1 сағат, жаратылыстану-1сағат, дамыту сабағы-3 сағат.

Күн тәртібіндегі отырыстың екінші мәселе бойынша А.С.Нуралина Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы білім алуда ерекше қажеттіліктерге ие балаларды үй жағдайында оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықпен таныстырды.

**Ұсыныс:**
1. 1 «ә» сынып оқушысы Жумабаев Мухаммедали үйден оқытуды жүзеге асыру;
2. Үйден оқыту бойынша нормативтік құжаттарды жинақтау

**Шешім:**
1. 1 «ә» сынып оқушысы Жумабаев Мухаммедали үйден оқытылсын
2. Үйден оқыту бойынша нормативтік құжаттар жинақталсын.

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектеп директоры К.А.Кулунтаев
Хатшы: С.Д.Сартаева

**«Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысының хаттамасы №3**

30.10.2024ж

**Өткізілген орны:** Мектеп директорының кабинеті

**Қатысқандар:**

Мектеп директоры: Кулунтаев А.К.

ППҚҚ-нің төрайымы: Нуралина С.А.

Бастауыш буын ОІЖО: Нуралина Л.М.

Арнайы педагог: Сартаева Д.С.

Педагог-психолог: Сактаганова К.Д., Утебаева С.Х

Әлеуметтік педагог: Мустафина А.Е.

Класс жетекшілер

**Күн тәртібінде:**

1. Бірінші тоқсан бойынша ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау және негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау;
2. Ерекше білімді қажет ететін оқушыны бақылап, ПМПК-ға ұсыну.
3. 2-ші тоқсанға бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын бекіту;

**Тыңдалды:**

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 3-ші отырысын ППҚҚ төрайымы Нуралина С.А. мен Бастауыш буын оқу ісі жөніндегі орынбасары Нуралина Л.М. ашты. Мектепішілік бақылау нәтижелерімен таныстырып, ЕББҚ ететін білім алушылардың тәртіп мәдениетіне, оқу бағдарламасын меңгеру деңгейіне тоқталды. Оқытудағы қиындықтары мен жетістіктерін де атап көрсетті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің арнайы педагогы Сартаева Д.С. оқушылардың негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін қарастырды. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейіне тоқталды.

1 «а» сынып оқушысы Амангелді Зейнұр сынып жетекшісі: 1-ші тоқсанда негізгі пәндер (әліппе, жаратылыстану, дүниетану,) бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Оқушыда математика пәні бойынша оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар болмады. Жалпы сыныпқа айтылған нұсқауларды түсінеді. Тілдік пәндер бойынша бейімделген оқу мақсаттарын меңгерді, ауызша жауап береді. Оқушыда жағымды динамика байқалады. Оқу бағдарламасы бойынша оқушыны қайта ПМПК-ға жолдау ұсынылды.

1 «а» сынып оқушысы Рахым Саида сынып жетекшісі: 1-ші тоқсанда негізгі пәндер (математика, әліппе, жаратылыстану, дүниетану) бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Жалпы сыныпқа айтылған нұсқауларды қабылдағысы келмейді. Тез шаршайды. Тілдік пәндер бойынша бейімделген оқу мақсаттарын меңгерді, ауызша жауап береді. Математика пәнінен бейімделген бағдарламаны меңгеруде қиындықтар туындады. Негізгі пәндерден 2-тоқсанға оқушы бағдарламаны бейімдеуді қажет етеді.

1 «ә» сынып оқушысы Жумабаев Мухаммедали сынып жетекшісі: 2024 жылдың 17 қыркүйегінен бастап Мухаммедали «Көрсетілімдері болған жағдайда мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру бойынша үйден оқытылды. Оқушыға жеке сабақ кестесі құрылды. 1-ші тоқсанда негізгі пәндер (математика, әліппе, жаратылыстану, дүниетану) бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Мухаммедалиде математика пәні бойынша бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар болды. Мухаммедали үнемі мұғалімнің жеке түсіндіруін талап етеді. Негізгі пәндерден 2-тоқсанға оқушы бағдарламаны бейімдеуді қажет етеді.

2 «б» сынып оқушысы Туманчаева Каусар 1-ші тоқсанда негізгі пәндер (математика, қазақ тілі) бойынша оқу бағдарламалары Тілдік пәндер бойынша бейімделген оқу мақсаттарын меңгерді, ауызша

жауап береді. Бейімделіп оқытылды. Каусарда бейімделген бағдарламаны меңгеруде қиындықтар болмады. Негізгі пәндерден 2-тоқсанға оқушы бағдарламаны бейімдеуді қажет етеді.

2 «б» сынып оқушысы Әмірбай Жұлдызай сынып жетекшісі: Жұлдызай 1-ші тоқсанда негізгі пәндер (математика, қазақ тілі, жаратылыстану, дүниетану, әдебиеттік оқу, ағылшын тілі орыс тілі) бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Жұлдызайда бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар болды. Жалпы сыныпқа айтылған нұсқауларды орындайды. Тілдік пәндер бойынша бейімделген оқу мақсаттарын меңгерді, ауызша жауап береді. Негізгі пәндерден 2-тоқсанға оқушы бағдарламаны бейімдеуді қажет етеді.

3 «а» сынып оқушысы Медетұлы Мұхаммед. 1-тоқсанда жалпы білім беру бағдарламасымен оқыды. Оқушыда оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар жоқ. Жалпы сыныпқа айтылған нұсқауларды түсінеді.

3 «а» сынып оқушысы Михас Амира. Амира 1-ші тоқсанда негізгі пәндер (математика, қазақ тілі, жаратылыстану, дүниетану, әдебиеттік оқу, ағылшын тілі орыс тілі) бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Оқушы сабақ барысында енжар. Қарапайым нұсқауларды орындауда қиналады. Тапсырманы орындауда қиналады. Оқушы үнемі мұғалімнің нұсқаулығын қажет етеді.

4 «а» сынып оқушысы Карагулов Айсултан. 1-ші тоқсанда негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Оқушының сабақ үлгерімі жақсы. Бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде. Жалпы сыныпқа айтылған нұсқауларды түсінеді.

4 «б» сынып оқушысы Төлеген Нұрмұхаммед. 1-тоқсанда жалпы білім беру бағдарламасымен оқыды. Оқушыда оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар жоқ. Оқушының сабаққа деген қызығушылығы жоғары.

8 «ә» сынып оқушысы Құрманбаев Нұраман. 1-тоқсанда математика пәнінен бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқытылды. Оқушыда алдыңғы жылмен салыстырғанда жағымды динамика байқалады. Оқушыда бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруде қиындықтар жоқ.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің арнайы педагогы Сартаева Д.С. сөз алды. 2 сынып оқушысының сынып жетекшісі оқушының тәртібіндегі, мінезіндегі өзгерістерді байқап ППҚ қызметіне жүгінді. Алдағы уақытта оқушыға мінездеме жазылып, ПМПК-ға жіберу ұсынылды.

3-ші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Нуралина С.А. сөз алды. 2-тоқсанда бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен 8 оқушы Амангелді Зейнұр, Рахым Саида, Әмірбай Жұлдызай, Туманчаева Каусар, Михас Амира, Карагулов Айсултан, Құрманбаев Нұраман оқитындығын хабарлады.

**Ұсыныс:**

1. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауда болуы қажет;
2. 2-тоқсанға бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру;
3. Оқушыға психологиялық-педагогикалық мінездеме жазып, ПМПК-ға жіберу.

**Шешім:**

1. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауға алынсын;
2. 2-тоқсанға бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары құрастырылып, жүзеге асырылсын.
3. Оқушыға психологиялық-педагогикалық мінездеме жазып, ПМПК-ға жіберілсін.

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектеп директоры: К.А.Кулунтаев

Хатшы: С.Д.Сартаева

**«Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысының хаттамасы №4**

05.01.2025ж

**Өткізілген орны:** Мектеп директорының кабинеті

**Қатысқандар:**

Мектеп директоры: Кулунтаев А.К.

ППҚҚ-нің төрайымы: Нуралина С.А.

Бастауыш буын ОІЖО: Нуралина Л.М.

Арнайы педагог: Сартаева Д.С.

Педагог-психолог: Сактаганова К.Д, Утебаева С.Х

Әлеуметтік педагог: Мустафина А.Е.

Класс жетекшілер

**Күн тәртібінде:**

1. Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау және негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау;
2. Екінші жартыжылдыққа бейімделген оқу бағдарламасын бекіту;

**Тыңдалды:**

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 4-ші отырысын ППҚҚ төрайымы Нуралина С.А. мен Бастауыш буын оқу ісі жөніндегі орынбасары Нуралина Л.М. ашты. Мектепішілік бақылау нәтижелерімен таныстырып, ЕББҚ ететін білім алушылардың тәртіп мәдениетіне, оқу бағдарламасын меңгеру деңгейіне тоқталды. Оқытудағы қиындықтары мен жетістіктерін де атап көрсетті. Оқу жылының басында және бірінші жартыжылдықтан соң толтырылған бақылау хаттамаларын салыстырып, оқушыларда анағұрлым динамика байқалатынын атап көрсетті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің арнайы педагогы Сартаева Д.С. оқушылардың негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін қарастырды. Сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейіне тоқталды.

1 «А» сынып оқушысы Амангелді Зейнұр: 1-2 тоқсанда негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Оқушыда бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар болмады. Жалпы сыныпқа айтылған нұсқауларды өте жақсы түсінді. Тілдік пәндер бойынша бейімделген оқу мақсаттарын меңгерді, ауызша жауап береді. Оқушыда жағымды динамика байқалды. Оқу бағдарламасы бойынша оқушыны қайта ПМПК-ға жолдау ұсынылды. ПМПК-ның 2024 жылдың 3 желтоқсанындағы №1048 қорытындысы бойынша оқушы бейімделген оқу бағдарламасынан жалпы білім беру бағдарлмасына ауысты.

1 «А» сынып оқушысы Рахым Саида сынып жетекшісі: 2-ші тоқсанда негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Жалпы сыныпқа айтылған нұсқауларды қабылдағысы келмейді. Мінез-құлқы бойынша сабаққа кедергі келтіреді. Тілдік пәндер бойынша бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде тұрақты қиындықтар байқалады. Математика пәнінен бейімделген бағдарламаны меңгеруде қиындықтар туындады. Негізгі пәндерден 3-тоқсанға оқушы бағдарламаны бейімдеуді қажет етеді.

1 «Ә» сынып оқушысы Жумабаев Мухаммедали сынып жетекшісі: Оқушыға жеке сабақ кестесі бойынша сабақтар өткізілуде. 2-ші тоқсанда негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Мухаммедалиде бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар кездеседі. Мухаммедали үнемі мұғалімнің жеке түсіндіруін талап етеді. Көңіл күйіне байланысты сабақтарда кедергі келтіреді. Сабақта зейіні тұрақсыз. Оқу бағдарламасын меңгеруі өте төмен деңгейде. Негізгі пәндерден 3-тоқсанға оқушы бағдарламаны бейімдеуді қажет етеді. 3-тоқсаннан бастап оқушыға цифрлық сауаттылық пәні қосылады.

2 «Б» сынып оқушысы Туманчаева Каусар сынып жетекшісі: 2-ші тоқсанда негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Тілдік пәндер бойынша бейімделген оқу мақсаттарын меңгерді, ауызша жауап береді. Каусарда бейімделген бағдарламаны меңгеруде қиындықтар болмады. Негізгі пәндерден 3-тоқсанға оқушы бағдарламаны бейімдеуді қажет етеді.

2 «Б» сынып оқушысы Әмірбай Жұлдызай сынып жетекшісі: Жұлдызай 2-ші тоқсанда негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Жұлдызайда бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар байқалды. Жалпы сыныпқа айтылған нұсқауларды орындайды. Тілдік пәндер бойынша бейімделген оқу мақсаттарын меңгерді, ауызша жауап береді. Негізгі пәндерден 3-тоқсанға оқушы бағдарламаны бейімдеуді қажет етеді.

3 «А» сынып оқушысы Медетұлы Мұхаммед сынып жетекшісі: 2-тоқсанда жалпы білім беру бағдарламасымен оқыды. Оқушыда оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар жоқ. Жалпы сыныпқа айтылған нұсқауларды түсінеді.

3 «А» сынып оқушысы Михас Амира сынып жетекшісі: Амира 2-ші тоқсанда негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Оқушы сабақ барысында енжар. Қарапайым нұсқауларды орындауда қиналады. Оқушы үнемі мұғалімнің нұсқаулығын қажет етеді. Оқушы 2024 жылдың 9 желтоқсанынан бастап 2025 жылдың 10 наурыз аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің «Ақтөбе облыстық оңалту орталығы» КММ-сінде ем қабылдайды.

4 «А» сынып оқушысы Карагулов Айсултан. 2-ші тоқсанда негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Оқушының сабақ үлгерімі орташа. Бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде. Жалпы сыныпқа айтылған нұсқауларды түсінеді. Сабаққа белсенді қатысуға тырысады.

4 «Б» сынып оқушысы Төлеген Нұрмұхаммед. 2-тоқсанда бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыды. Оқушыда бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар жоқ. Оқушының сабаққа деген қызығушылығы жоғары. Сабаққа белсенді қатысуға тырысады.

8 «Ә» сынып оқушысы Құрманбаев Нұраман. 2-тоқсанда математика пәнінен бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқытылды. Оқушыда бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруде қиындықтар жоқ.

2-ші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Нуралина С.А. сөз алды. 3-тоқсанда бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқитын оқушылар: Рахым Саида, Әмірбай Жұлдызай, Туманчаева Каусар, Михас Амира, Карагулов Айсултан, Төлеген Нұрмұхаммед, Құрманбаев Нұраман оқитындығын хабарлады.

**Ұсыныс:**

1. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауда болуы қажет;
2. 3-тоқсанға бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру;

**Шешім:**

1. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауға алынсын;
2. 3-тоқсанға бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастырып, жүзеге асырылсын.

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектеп директоры К.А.Кулунтаев

Хатшы: Д.С.Сартаева

**«Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысының хаттамасы №5**

26.03.2025ж

**Өткізілген орны:** Мектеп директорының кабинеті
**Қатысқандар:**
Мектеп директоры: Кулунтаев А.К.
ППКҚ-нің төрайымы: Нуралина С.А.
Бастауыш буын ОІЖО: Нуралина Л.М.
Арнайы педагог: Сартаева Д.С.
Педагог-психолог: Сактаганова К.Д, Утебаева С.Х
Әлеуметтік педагог: Мустафина А.Е.
Класс жетекшілер

**Күн тәртібінде:**

1. Үшінші тоқсан бойынша ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау;
2. 2025 жылғы оқушыларымыздың ПМПК қорытындыларымен таныстыру;
3. 4-ші тоқсанға бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын бейімдеу;

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейіне тоқталды.

1 «А» сынып оқушысы Рахым Саида негізгі пәндер математика және ана тілі пәндері бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. Оқушыда бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар бар, ауызша жауап береді, өзінің пікірін айтады. Оқушыда әлі де тұрақты қиындықтар байқалатындығы айтылды. Оқушының қабылдауы баяу екені айтылды.

1 «Ә» сынып оқушысы Жумабаев Мухаммедали 3-ші тоқсанда негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасы бейімделді. Оқушыға жеке сабақ кестесі бойынша сабақтар өткізілуде. Оқушыда әлі де тұрақты қиындықтар байқалатындығы айтылды. Үнемі мұғалімнің жеке нұсқаулығын, қадағалауын талап етеді. Сабақ уақытында тапсырмаларды орындаудан бас тартып, жиі қарсылық танытады. Оқу бағдарламасын меңгеруі төмен деңгейде. 3-тоқсаннан бастап оқушының жеке сабақ кестесіне цифрлық сауаттылық пәні енгізіліп сабақ өтуде.

2 «Б» сынып оқушысы Туманчаева Каусар. 3-ші тоқсанда математика және қазақ тілі пәндері бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. Оқушы бейімделген оқу мақсаттарын меңгерді.

2 «Б» сынып оқушысы Әмірбай Жұлдызай. Негізгі пәндер математика және қазақ тілі пәндері бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. Бейімделген оқу мақсаттарын меңгерді, ауызша жауап береді, өзінің пікірін айтады. Жазу және оқу барысында оқушыда әлі де қиындықтар бар.

3 «А» сынып оқушысы Медетұлы Мұхаммед. Оқушының қабылдауы жақсы. Оқушы жалпы білім беру бағдарламасының мақсаттарын жеткілікті деңгейде меңгеруде.

3 «А» сынып оқушысы Михас Амира. Оқушы 2024 жылдың 9 желтоқсанынан бастап 2025 жылдың 10 наурыз аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің «Ақтөбе облыстық оңалту орталығы» КММ-сінде ем қабылдады. Оқушыға дефектолог, психолог, логопед мінездемелері берілді.

4 «А» сынып оқушысы Карагулов Айсултан. Оқушыға негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. Бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде. Ауызша жауап береді, түсінігін айтады. Математика пәні бойынша оқушыда оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар байқалды. Оқушы сабаққа белсенді қатысуға тырысады. Қазіргі уақытта оқушы домбыра үйірмесіне қатысады.

4 «Б» сынып оқушысы Төлеген Нұрмұхаммед. Оқушы қазіргі уақытта бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен білім алуда. Оқушыда сабақ үлгерімінен қиындық байқалмады. Ауызша жауап береді. Оқижы және жазады.

8 «Ә» сынып оқушысы Құрманбаев Нұраман. Оқушыға жаратылыстану пәндері бойынша оқу бағдарламасы бейімделді. Оқушы бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруде.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша арнайы педагог Сартаева Д.С сөз алды. Ақпан айының аймақтық Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысынан 9 оқушы өтті. **2025-2026** оқу жылында Рсай Зере 25 ақпандағы 380 қорытындысы бойынша жеке білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылды. Туманчаев Мансур 25 ақпандағы 378 қорытындысы бойынша бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылды. Рахым Саида 25 ақпандағы 404 қорытындысы бойынша бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылды. Әмірбай Жұлдызай 25 ақпандағы 397 қорытындысы бойынша бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған. Туманчаева Каусар 25 ақпандағы 379 қорытындысы бойынша жалпы білім беру бағдарламасына ауысты. Медетұлы Мұхаммед 27 ақпандағы 418 қорытындысы бойынша бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылды. Карагулов Айсултан 27 ақпандағы 417 қорытындысы бойынша бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған. Төлеген Нұрмұхаммед 27 ақпандағы 430 қорытындысы бойынша бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған. Ақын Нұрсезім ПМПК мамандарының қорытындысын растау мақсатында дәрігерлерге жолдама берілді.

Отырыстың 3-ші мәселесі бойынша ППҚҚ төрайымы Нуралина С.А. мен Бастауыш буын ОІЖО: Нуралина Л.М. толық мағлұмат берді. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының құжаттары бойынша қайталап таныстырды.

**Ұсыныс:**

1. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауда болуы қажет;
2. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындысымен, ұсыныстарымен класс жетекшілері мен пән мұғалімдері толық танысу;
3. 4-тоқсанға бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру;

**Шешім:**

1. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауға алынсын;
2. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындысымен, ұсыныстарымен класс жетекшілері мен пән мұғалімдері толық таныстырылсын;
3. 4-тоқсанға бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастырылып, жүзеге асырылсын.

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектеп директоры: К.А.Кулунтаев

Хатшы: Д.С.Сартаева

**«Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысының хаттамасы №6**

23.05.2025ж

**Өткізілген орны:** Мектеп директорының кабинеті

**Қатысқандар:**

Мектеп директоры: Кулунтаев А.К.

ППКҚ-нің төрайымы: Нуралина С.А.

Бастауыш буын ОІЖО: Нуралина Л.М.

Арнайы педагог: Сартаева Д.С.

Педагог-психолог: Сактаганова К.Д, Утебаева С.Х

Әлеуметтік педагог: Мустафина А.Е.

Класс жетекшілер

**Күн тәртібінде:**

1. Ағымдағы оқу жылы бойынша ЕББҚ бар оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау және оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау;
2. Ағымдағы оқу жылында ерекше білімді қажет ететін оқушылардың тізімін анықтау;
3. ППКҚ жылдық жұмысын қорытындылау;

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ППКҚ төрайымы Нуралина С.А сөз алды. Ағымдағы оқу жылы бойынша ЕББҚ бар оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары сабақтарға қатысты, бақылау хаттамалары 2а, 2б, 3 формалар толтырылды. Оқу жылының басында және оқу жылының соңында толтырылған бақылау хаттамаларын салыстыра келе оқушыларда анағұрлым динамика байқалатынын атап көрсетті. Аталған мәселе бойынша мектептің арнайы педагогы Сартаева Д.С оқушылардың негізгі пәндер бойынша жетістіктер картасына сәйкес оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін талқылады. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері Жүсіп Г, Кулмаганбетова Ж, Мендигазиева Е, Рыспаева М, Ермек А, Сарман А оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейіне тоқталды.

1 «А» сынып оқушысы Рахым Саида ағымдағы оқу жылында негізгі пәндері бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. 2а, 2б, 3 формаларды зерделей келе, оқушыда динамика аз ғана байқалатындығы және ағымдағы оқу жылы бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқытылу керектігі айтылды.

1 «Ә» сынып оқушысы Жумабаев Мухаммедали сынып жетекшісі: 2024-2025 оқу жылында оқушыға жеке сабақ кестесі бойынша сабақтар өткізілді. 4- тоқсан негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламалары бейімделіп оқытылды. Мухаммедалиде бейімделген оқу мақсаттарын меңгеруде қиындықтар кездеседі. Мухаммедали үнемі мұғалімнің жеке түсіндіруін талап етеді. Көңіл күйіне байланысты сабақтарда кедергі келтіреді. Сабақта зейіні тұрақсыз. Оқу бағдарламасын меңгеруі өте төмен деңгейде. Алдағы оқу жылында оқушы бағдарламаны бейімдеуді қажет етеді.

2 «Б» сынып оқушысы Әмірбай Жұлдызай ағымдағы оқу жылында математика және қазақ тілі пәндері бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. Арнайы педагог тарапынан олқылықтармен жұмыс жасалды. Оқушы бейімделген оқу мақсаттарын меңгергенімен, жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруге әлі де дайын емес екендігі айтылды.

2 «Б» сынып оқушысы Туманчаева Каусарға ағымдағы оқу жылында математика және қазақ тілі пәндері бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. 2а, 2б, 3 формаларды зерделей келе, оқушыда жағымды динамика байқалатындығы және жалпы білім беру бағдарламасын меңгере алатындығы көрсетілді. ПМПК қорытындысымен оқушы 3-сыныпта жалпы білім беру бағдарламасына ауысатындығы айтылды.

3 «А» сынып оқушысы Медетұлы Мұхаммед. Ағымдағы оқу жылында математика және қазақ тілі пәндері бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. Бейімделген оқу бағдарламасына сәйкес БЖБ, ТЖБ тапсырмалары алынды. Оқушы бейімделген оқу мақсаттарын меңгергенімен, жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруге әлі де дайын емес екендігі айтылды.

3 «А» сынып оқушысы Михас Амира. Ағымдағы жылында оқушыға негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасы бейімделді. Оқушыда әліде тұрақты қиындықтардың байқалатындығы, бейімделген оқу бағдарламасын меңгергенімен жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруге әлі де дайын еместігі, оқушының ПМПК қорытындысының уақыты аяқталғаны, қайта жолдану керектігі айтылды.

4 «А» сынып оқушысы Карагулов Айсултан. Ағымдағы жылында оқушыға негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасы бейімделді. Оқушыда әліде тұрақты қиындықтардың байқалатындығы, бейімделген оқу бағдарламасын меңгергенімен жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруге әлі де дайын еместігі айтылды.

4 «Ә» сынып оқушысы Төлеген Нұрмұхаммед. 4-тоқсанда оқушыда мінез құлқына байланысты қиыншылықтар болды. Оқушы бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын жеткілікті деңгейде меңгерді.

8 «Ә» сынып оқушысы Құрманбаев Нұраман. Оқушы бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруде. Оқушыны ПМПК қайта жолдау ұсынылды.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселені арнайы педагог Сартаева Д. С қарастырды. Оқушылардың ағымдағы оқу жылындағы жетістіктер картасын, даму динамикасын зерделей келе келесі оқушылар ПМПК қайта жіберу ұсынылды:

1. 1. Михас Амира Михасқызы
2. 2. Құрманбаев Нұраман

Аталған оқушылардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу арнайы педагогқа тапсырылды.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Нуралина С.А сөз алды. 2024-2025 оқу жылындағы мектептегі ППҚҚ жылдық жұмысын қорытындылады.

**Ұсыныс:**

1. ЕББҚ ететін оқушыларға психологиялық-педагогикалық мінездеме жазып, ПМПК-ға жіберу;

**Шешім:**

1. ЕББҚ ететін оқушыларға психологиялық-педагогикалық мінездеме жазылып, ПМПК-ға жіберілсін;

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектеп директоры: К.А.Кулунтаев

Хатшы: С.Д.Сартаева